

Қызылжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласы мамандарына 2014 жылы тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау және көтерме жәрдемақы ұсыну туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі N 25/11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 мамырда N 2772 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабына, Қызылжар ауданы әкімі мәлімдеген қажеттілікті есепке ала отырып алумен сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызылжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласы мамандарына 2014 жылы жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы, өтініш берген сәттен бастап берілсін.

2. Қызылжар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласы мамандарына 2014 жылы тұрғын үй алу немесе салу үшін маманмен өтініш берілген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау өтініш берген сәттен бастап ұсынылсын.

3. Осы шешімнің 1 және 2 тармағының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге аыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына колданылады.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Солтүстік Қазақстан облысының</i>	
	<i>Қызылжар аудандық мәслихат</i>	
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>С. Гноевых</i>	
	<i>Солтүстік Қазақстан облысының</i>	
<i>Қызылжар аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>А. Молдахметова</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК